

"Балқаш қаласы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшерін және алушылар санатының тізбесін айқындау туралы" Балқаш қалалық мәслихатының 2021 жылғы 19 шілдедегі № 6/46 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2023 жылғы 26 сәуірдегі № 2/16 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 28 сәуірде № 6404 -09 болып тіркелді

Балқаш қалалық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Балқаш қалалық мәслихатының 2021 жылғы 19 шілдедегі № 6/46 "Балқаш қаласы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшерін және алушылар санатының тізбесін айқындау туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23713 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1, 2 қосымшалары осы шешімнің 1, 2 қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихат төрағасы

A. Мұсылымов

Балқаш қалалық
мәслихатының
2023 жылғы 26
сәуірдегі
№ 2/16
шешіміне 1 қосымша
Балқаш қалалық
мәслихатының
2021 жылғы 19 шілдедегі
№6/46
шешіміне 1 қосымша

Тұрғын үй сертификатының мөлшері

1. Әрбір алушы үшін қарыз сомасынан 10 %, алайда әлеуметтік көмек түрі ретінде 1,5 (бір миллион бес жүз мың) миллион теңгеден артық емес.

2. Әрбір алушы үшін қарыз сомасынан 10 %, алайда әлеуметтік қолдау түрі ретінде 1,5 (бір миллион бес жүз мың) миллион теңгеден артық емес.

Балқаш қалалық
мәслихатының
2023 жылғы 26
сәуірдегі
№ 2/16
шешіміне 2 қосымша
Балқаш қалалық

Тұрғын үй сертификаттарын алушылар санаттарының тізбесі

№	Атауы
1.	Ұлы Отан соғысының ардагерлері (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрган).
1-1.	Женелдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрган).
1-2.	Басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қымылдарының ардагерлері (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрган).
2.	Бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрган).
3.	Мүгедектігі бар балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасылар (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрган).
4.	Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрінің 2022 жылғы 16 ақпандағы №ҚР ДСМ-14 бұйрығымен бекітілген аурулар тізімінде аталған кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерімен ауыратын адамдар (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрган).
5.	Жасына карай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрган).
6.	Кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған жиырма тоғыз жасқа толмаған жетім балалар мен ата-анасының қамкорлығынсыз қалған балалар. Мұндай адамдардың жасы әскери қызметке шақырылған кезде мерзімді әскери қызметтөн өту мерзіміне ұзартылады (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрган).
7.	Қандастар (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрган).
8.	Экологиялық зілзалалар, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан тұрғын үйінен айырылған адамдар (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрган).
9.	"Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бүрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы"

	ордендерімен наградталған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар (жергілікті атқаруышы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрган).
10.	Мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерін, әскери қызметін орындау кезінде, ғарыш кеңістігіне ұшуды дайындау немесе жүзеге асыру кезінде, адам өмірін құтқару кезінде, құқық тәртібін қорғау кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) адамдардың отбасылары (жергілікті атқаруышы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрган).
11.	Толық емес отбасылар (жергілікті атқаруышы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрган).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК